

Облыстық олимпиада II тур
10 сынып
2-тапсырманың мақал-мәтелдері

1. Өз тілің - бірлік үшін, өзге тілің - тірлік үшін.
2. Ауырып ем іздегенше,
Ауырмайтын жол ізде.
3. Құлаққа кірген суық сөз, көңіліңе барып мұз болар.
4. Опасызбен дос болма, еріншекпен қос болма.
5. Әр елдің салты басқа, иттері қара қасқа
6. Сырты жалтырауықтың іші қалтырауық.
7. Құсты қанат ұшырар, ерді талап ұшырар.
8. Ұйқы - тынықтырады, жұмыс шынықтырады.
9. Тазалық - саулық негізі, саулық - байлық негізі.
10. Бірінші байлық — денсаулық,
Екінші байлық — ақ жаулық,
Үшінші байлық — он саулық
11. Тату үйдің тамағы тәтті.
12. Қолы ашықтың - жолы ашық.
13. Қазір бой жарыстыратын заман емес, ой жарыстыратын заман. Н.Назарбаев
14. Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті: ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек. Абай.
15. Білгеніңді барлық уақытта айта берме, бірақ барлық уақытта не айтарыңды біл.
М.Клаудис

16. Ең ұлы дарындарды да жалқаулық құртады. Монтень
17. Өзіңе қарай дос таңда, Күшіңе қарай жүк көтер Жүсіп Баласағұни
18. Әр адамның өмірде бақытты және бақытсыз болуы, табысты және табыссыз болуы
өз қолында. Халық даналығы
19. Жомарт бергенін айтпас.
20. Өзіңді-өзің тану – даналықтың бірінші белгісі. К.Маркс